



ФАРАБИ УНИВЕРСИТЕТІ

90



АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әдебиеттанушы ғалымдары мен Қырғыз ҰҒА Ш.Т. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты әдебиеттанушы ғалымдарының достық қарым-қатынасының тарихы бай.

2023 жылдың 28 қаңтарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің белгілі әдебиеттанушы профессорлары, Абай институтының қызметкерлері, еларалық Айтматов академиясының академиктері Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Шыңғыс Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының шақыруымен Бішкекке барды.



Солдан оңға қарай: Д. Ысқақұлы, Ж. Дәдебаев, З. Бисенғали, Қ. Әбдезұлы, А. Мәуленов
Олар институт директоры, Қырғыз Республикасы ҰҒА академигі А.А. Ақматалиевті қазақ-қырғыз достық қарым-қатынастарын дамытуға қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасының Достық орденімен марапатталуына байланысты құттықтады.



Солдан оңға қарай: А. Мәуленов, Д. Ысқақұлы, А. Ақматалиев, Қ. Әбдезұлы, Ж. Дәдебаев, З. Бисенғали

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессорлары Абдылдажан Ақматалиевтің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі екенін мақтанышпен айта отырып, қырғыз ғалымының екі елдің достық байланыстарын нығайту, дамыту жолында атқарған еңбегі Қазақстан Республикасының мемлекеті тарапынан лайықты бағаланғанын ыстық ықыласпен атап өтті. Абдылдажан Амантұрұлы өз тарапынан Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа, қазақ бауырларына шын жүректен разылығын білдіріп, алғысын айтты.



Солдан оңға қарай: З. Бисенғали, Ж. Дәдебаев, А. Ақматалиев, Д. Ысқақұлы, А. Мәуленов
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессорлары Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Шыңғыс Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтына он томдық «Абайтану антологиясын», сондай-ақ «Абайдың кісілік кодексін» сыйға тартты.

Екі тараптың өзара пікір алмасуы барысында екі ел арасындағы әдеби, мәдени достық қатынастардың бай тарихы барына, оның бүгінгі күнгі жетістіктеріне, алдағы даму бағыттарына көңіл аударылды. А. Ақматалиев қазақ халқының ұлы перзенттері Шоқан Уәлихановтың, Мұхтар Әуезовтің қырғыз халқының ұлттық рухани байлығы «Манасты» қорғауда, насихаттауда сіңірген еңбектерін үлкен құрметпен, асқан ілтифатпен еске алды. Шыңғыс Айтматовтың мына сөзін қырғыз және қазақ ғалымдары қатарласа айтып, бір-біріне шынайы құрметін білдірді:

«Өз басым өзге елге сапарға шығып, бөтен жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – Манас, бірі – Мұхтар Әуезов.

Мен қазақтың ба, қырғыздың ба? Мұны білгісі келгендерге мен Манас жөнін, Мұхтар Әуезов жайын айтып берем. Бұл екеуі – менің қандас халықтарымның мерейі; осы екеуіне иек артсам болғаны, жат жұрт арасында жалым күдірейіп шыға келеді».

Абдылдажан Амантұрұлы Шыңғыс Айтматовтың осы сөзі туралы ойын тебіреніп отырып айтты. Алматыдан келген Айтматов академиясының академиктерінің төсіне Шыңғыс Айтматовтың 95 жылдығына орай «Шыңғыс Айтматов» төс белгісін тақты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтына Шыңғыс Айтматовтың он томдық шығармалар жинағын сыйға тартты.



Пікір алмасу барысында Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Шыңғыс Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институты арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум мақұлданды. Тараптар әдеби шығармашылық негізінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оның нәтижелерін ортақ пайдаланатын болды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты қырғыз халқының әдебиеті мен мәдениетіне, ұлттық рухани құндылықтарына қазақ әдебиетшілері мен әдебиеттанушыларының зор ықыласпен, үлкен құрметпен қарайтынын, екі елге ортақ қасиеттерді аса ардақ тұтатынын білдіріп, қазақ-қырғыз әдеби

байланыстарының жалғасуына, дамуы мен нығаюына аянбай үлес қосатынына назар аударды.

Қазақстандық профессорлар Шыңғыс Айтматовты қырғыз халқымен бірдей сүйетінін, бірдей ардақ тұтатынын шын жүректен жеткізді.



**Қырғыз Республикасы ҰҒА Шыңғыс Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты.
Шыңғыс Айтматов шығармаларының он томдық жинағының тұсау кесері**

Тұсау кесер салтанатында сөз сөйлеген Ж. Дәдебаев, Э. Бисенғали, А. Мәуленов қазақ-қырғыз әдеби-мәдени байланыстарының қалаптасуы мен дамуында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әдебиеттанушы ғалымдары мен қырғыз әдебиеттанушы ғалымдарының еңбектері зор екенін атап өтті. XIX ғасырда Қазақтың ұлы шығармашылық тұлғасы Шоқан Уәлихановтың, XX ғасырда Университеттің ғұлама ұстазы М.О. Әуезовтің қырғыз халқының ұлы поэтикалық мұрасы «Манасты», қырғыз халқының XX ғасырдағы ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматовты қорғауы мен қолдауы екі ел арасындағы әдеби және мәдени достық қарым-қатынастың ең бір жарқын үлгісі екенін айтып марқайды.

29.01.2023-05.12.2024

**Абай ғылыми-зерттеу институтының
ақпараттық қамтамасыз ету тобы.**